

## **Бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 20 наурыз N 1613. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.04.21. N 2228 Жарлығымен.

Бағалы қағаздар нарығының жұмыс істеуі мен дамуы саласындағы қатынастарды реттеу, бағалы қағаздармен операциялар жүргізудің тиімділігін қамтамасыз ететін тиісті инфрақұрылым қалыптастыру, инвесторлар үшін кепілдіктер қамтамасыз ету, бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушылардың қызметін үйлестіру, бақылау функцияларын орындау мақсатында және "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы құрылсын. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы республикалық мемлекеттік басқару органы болып табылады деп белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы Ереже бекітілсін /қоса беріліп отыр/.

3. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының негізгі міндеттері бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушылардың және бағалы қағаздар шығаруға қатысты бөлігінде эмитенттердің қызметін реттеу, бағалы қағаздар нарығындағы қызметті бақылау функцияларын орындау, кадрлар даярлау деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Орталық бағалы қағаздар депозитарийі құрылсын. Қазақстан Республикасының Орталық бағалы қағаздар депозитарийі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының қарамағында болады және оған есеп беріп отырады деп белгіленсін. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы мүдделі министрліктермен және ведомстволармен келісе отырып Қазақстан Республикасының Орталық бағалы қағаздар депозитарийі мен Қазақстан Республикасындағы депозитарийлер туралы Ережені екі ай мерзім ішінде бекітсін.

5. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушылардың қызметін

реттейтін актілерді екі ай мерзім ішінде әзірлеп, бекітсін.

6. "Бағалы қағаздар айналымы мен қор биржасы туралы" 1991 жылғы 11 маусымдағы Қазақ КСР Заңының /Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ведомостары N 24, 1991 ж. 286-бап/ күші жойылды деп танылсын.

7. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына "Бағалы қағаздар айналымы және қор биржасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын енгізісін;

- жаңа Заң қабылданғанға дейін қолданылатын бағалы қағаздар айналымы мен қор биржасы туралы уақытша ережені бекітсін;

- Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы мен Қазақстан Республикасының Орталық бағалы қағаздар депозитарийінің қызметін қаржыландыру үшін республикалық бюджеттен қажетті қаржы бөлсін;

- Үкіметтің шешімдерін осы Жарлыққа сәйкестендірсін және

Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері және ведомстволары актілерінің қайта қаралуын қамтамасыз етсін.

8. Осы Жарлықтың заң күші бар және "Бағалы қағаздар айналымы мен қор биржасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғанға дейін қолданылады.

9. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1994 жылғы 20 наурыздағы  
N 1613 Жарлығымен  
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі  
ұлттық комиссиясы туралы  
ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы /бұдан әрі - комиссия/ бағалы қағаздар нарығындағы қатынастардың реттелуін, субъектілер мүдделерінің қорғалуын және бағалы қағаздар нарығы жұмысының бақылауын қамтамасыз ету жөніндегі орталық мемлекеттік басқару органы болып табылады.

2. Комиссия құрамында Төраға мен 4 мүше болады. Төрағаны және

комиссияның барлық мөлшерін Қазақстан Республикасының Президенті 5 жыл мерзімге тағайындайды.

<\*>

Ескерту. 2-тармақтан сөздер алынып тасталған - ҚР Президентінің 11.01.1995 ж. N 2019 Жарлығымен.

3. Өз қызметінде комиссия Қазақстан Республикасының заңдарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

4. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиясының негізгі міндеттері:

- келісілген қаржы саясатын жүргізу мақсатымен бағалы қағаздар нарығында мемлекеттік реттеуді үйлестіру;

- бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушылардың қызметін реттеу және бағалы қағаздар туралы нормативті актілердің сақталуын бақылау;

- бағалы қағаздармен жасалатын операциялар жөніндегі бірегей стандарттар мен ережелерді, бағалы қағаздарды тіркеу, шығару және олардың айналымы мәселелері жөніндегі әдістемелік нұсқауларды әзірлеу мен практикаға енгізу.

- акционерлік қоғамдар /банкілерден басқалары/ эмиссияларының проспектілерін тіркеу;

- акционерлік қоғамдар мен шаруашылық жүргізуші басқа да субъектілердің бағалы қағаздар шығару эмиссиялары проспектілерінің дұрыстығын тексеру;

- басқа елдердің тиісті органдарымен өзара қарым-қатынас механизмін жасау шараларын жүзеге асыру;

- кәсіпқой қатысушылар, сондай-ақ Қазақстан Республикасында бағалы қағаздар нарығының мәселелерімен шұғылданушы және басқа мемлекеттік органдар қызметшілерін даярлау ісін ұйымдастыру;

- бағалы қағаздар бойынша кәсіпқой қызмет жүргізуге лицензиялар беру.

5. Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияға мынадай өкілеттіктер берілсін:

- бағалы қағаздар шығарудың және олардың айналымының тәртібін, бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушыларға қойылатын талаптарды белгілейтін ережелерді, нұсқауларды және басқа да актілерді әзірлеу мен бекіту;

- ақпарат жинаумен және бағалы қағаздар нарығының жайына талдау жасаумен шұғылдану;

- бағалы қағаздар нарығындағы қызмет туралы қажетті ақпарат алу;

- ашық сату үшін бағалы қағаздарын ұсынушы кез келген эмитенттен, кәсіпқой субъектілерден және бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымының органдарынан, соның ішінде қор биржаларынан, бағалы қағаздар депозитарийлері мен клиринг орталықтарынан ішкі ережелер, жарғылар, регламенттер, нұсқаулар, әзірленуі мен жариялануы міндетті үлгі құжаттар талап ету;

- республиканың бағалы қағаздар нарығында қаржы делдалдарының / инвестициялық, сақтандыру және басқа да фирмалардың, банкілердің, компаниялардың және қорлардың, соның ішінде шетелдік/ қызметін бақылау;

- эмитенттердің және бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушыларының бухгалтерлік құжаттамасын тексеру;

- инвесторлардың, эмитенттердің, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығына кәсіпқой қатысушылардың өтініш-ұсыныстарын қарау;

- бағалы қағаздардың барлық эмитенттері үшін ақпарат берудің ережелерін белгілеу;

- бағалы қағаздар нарығының дамуы мен жұмыс істеуі саласында халықаралық деңгейде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру;

- бағалы қағаздар нарығының жұмыс істеуіне байланысты ресми материалдар берілетін Комиссия жаршысын жариялау. Жаршыда жарнама материалдарының жариялануына жол берілмейді;

- жоғарғы білікті шетелдік және отандық мамандарды контракт негізінде консультанттар мен сарапшылар ретінде тарту;

- бағалы қағаздар нарығындағы қызметті реттеуге қатысты басқа да өкілеттіктерді жүзеге асыру.

6. Комиссия өзіне жүктелген міндеттер шеңберінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінен, Ұлттық банкінен, Меммүліккомнан және басқа да мемлекеттік органдардан бағалы қағаздар нарығы жөнінде ақпарат алуға, сондай-ақ олармен бірге тексерулер жүргізуге және бағалы қағаздар туралы заңды орындау жөніндегі басқа да іс-қимылдарды жүзеге асыруға құқылы.

7. Комиссия жұртшылықты өз қызметі туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабардар етеді.

8. Комиссияны қайта құру мен тарату Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

9. Комиссияның өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген ресми мөрі болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК